ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК

ТАРИХ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ №4 (47) 2007



Д. С. Байгунаков

С.С. ЧЕРНИКОВ – ТАС ЖӘНЕ ПАЛЕОМЕТАЛЛ ДӘУІРЛЕРІН ЗЕРТТЕУШІ

Ежелгі Қазақстан тарихының барлық тарихи-мәдени кезеңдерін зерттеп, ғылыми айналымға тың материалдар енгізген, дала тарихының қалтарысты тұстарын бағамдап отандық тарихнамаға зор үлес қосқан ғалымдар арасынан 1909 жылы 24-шілдеде Белгородта туылып, 1976 ж. 7-қазанда Ленинградта қайтыс болған Сергей Сергеевич Черников ерекше орын алады. Ол XX ғасыр орта тұсында-ақ республиканың шығыс өңірлеріне археологиялық экспедиция ұйымдастырып, палеолиттен бастап орта ғасырларға дейінгі замандардың тарихи нысандарының сан алуан проблемаларын өрбіткен, шешуі қиын сауалдардың түйіткіліне жеткен ғалым ретінде өз уақытында ғылыми жұртшылықтың назарына іліккен еді. С.С. Черников ғылыми ізденістерінің арқасында ұлттық тарихтың ежелгі беттері қайта жазылып, мол мағлұматтар қосылғанымен, ғалымның өзі жайлы, оның тұжырымдамалары мен пайымдауларының қаншалықты өміршең екендігі туралы, төл тарихнамаға қай деңгейде үлес қосқандығы жөнінде жазылған зерттеушілердің мақалалары некен-саяқ. Сол себепті осы шағын мақалада С.С. Черниковтың ілкідегі тарихқа қатысты көтерген кейбір проблемаларына, ол ұзақ жылдар бойы басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының (ШҚАЭ) тас пен палеометалл дәуірлеріне ғана қатысты жүргізген далалық жұмыстарына тарихнамалық талдау жасап кеткенді жөн санадық.

Саналы ғұмырын көне тарихқа арнаған С.С. Черников 17 жасында Ленинград (Санкт-Петрербург) Мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түседі де, оны тәмәмдаған соң Материалдық мәдениет тарихының Мемлекеттік Академиясына жұмысқа орналасады. 1935 жылдан бастап Шығыс Қазақстанда зерттеулер жүргізеді. Мұнда ғалым көне кен орындарын тауып, кейіннен (1947 ж.) «Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая» атты тақырыпта еңбек дайындайды да, кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1949 ж. ол жарыққа шығады /1/.

1935, 1937 жылдары Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Қалба, Нарым жоталарынан ежелгі қалайы, алтын, мыс орындарын іздестірді және археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді /2/. Бұл кездері осы экспедиция ММТМА-ның Қазақстан экспедициясының Қалба-Нарым отряды деп аталған еді. С.С. Черниковтың айтуынша А.Г. Тимофеевтың есептеуі бойынша, Ертістің жоғары ағысындағы өңірден б.з.б. II-I мыңжылдықтар шебінде жылына 3-5 тонна қалайы өндірілгендігі анықталды (Черников С.С. Древняя добыча металлов в верховьях Иртыша). Біздіңше, бұл әлі де болса нақты анықталған дүние емес еді, бұл мәселе тек аталмыш өңірдегі барлық археологиялық ескерткіштер картасы жасалынған соң ғана белгілі болары анық болатын. Бірақ өз заманында бұл айтылған ойлардың ғылыми құндылығы өте жоғары еді.

С.С. Черников – палеолиттанушы. Ол алғашқылардың бірі болып Қазақстан палеолитін зерттеген ғалымдардың қатарына жатады. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстарына дейін Қазақстан аумағынан кездейсоқ палеолит құралдарының табылғандығы болмаса, кең көлемдегі қазба жұмыстары республик жерінде жүргізілмеген болатын. Төрттік кезеңдегі Қазақстанның тарихы бұған дейін көмескі бейнеленгенімен, Қазақстанмен іргелес аймақтардан (Енисей алабы, Обь төңірегі, Таулы Алтай, Өзбекстан, т.б.) палеолитттік ескерткіштер көптеп табылған еді. Тек Г.П. Сосновскийдің «О поисках палеолита в Казахстане» атты еңбегінде ғана кездейсоқ ұшырастырылған бірқатар құралдарға сипаттама беріліп, Ертіс өңірінен болашақта палеолиттік нысандар табылуы әдбден мүмкін екендігі айтылды /3/. Палеолиттік қазба жұмыстарын С.С. Черников бірнеше жыл ұйымдастырып, экспедицияға белді мамандарды (Максимова, Крылова, Рыгдылон, Гохман, т.б.) тартта білді. Нәтижесінде Қазақстанның ең көне дәуірі жайлы біршама тың да қызықты мағлұматтар алынады.

Палеолитттік тұрақтар 1950 жылы Ертістің жоғары ағысынан табылады. Көрсетілген жылы КСРО ҒА Ленинград бөлімшесінің Материалдық мәдениет тарихы институты мен Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған бұл экспедиция

Г.П. Сосновский сілтеген аймақтарға барады да, сол жерлердің бірқатар ескерткіштерін ашады. Пещера деревнясының маңындағы үңгірге алғашқыда (кейіннен аталмыш тұрақ Пещера деп аталды) аумағы 8х3 м барлау тікқазбасы (шурф) түсіріледі де, шығыс жағынан 30-50 см тереңдіктен, батыс жағынан 60-170 см тереңдіктен палеолиттік құралдар (диск тәрізді дөңгелек әрі жалпақ тас, айналасы түзетілген қырғыш, пышақ тәрізді тас тілікше мен пышақша, тас жаңқа түрлері, пирамида пошымындағы өзектас, т.б.), сүйектер (мамонт немесе мүйіз-тұмсық, т.б. хайуанаттардіңкі) алынады /4, 64-66/.

Ново-Никольское деревнясынан 1 км солтүстік-батысқа қарай жатқан жерден осы деревнямен аттас палеолиттік екінші тұрақтан хайуанаттардың үш сүйегінен басқа дөрекі өңделген тас жаңқадан дайындалған үш бұрыш тұрпатында келген көлемді қырғыш, түзетілген сүйірұш пен тас жаңқа, өзектас түрлері, ұзынша тас тіліктері, қолшапқы секілді құралдар, т.б. артефактілер алынады /4, 67/.

Ал, Қанай ауылы (Ново-Никольскоеден 70 км жоғары) маңындағы тұрақтан (кейінгі андроновтық қоныс біршама бұзып кеткен) қара шақпақ тастан жасалған үш палеолиттік құрал (қырғыш секілді құрал, тас жаңқа, көлемді де жалпақ тас тілікше бөлігі) алынады. Тас құралдарымен бірге бизон, т.б. жануарлардың сүйектері де шығады /5, 25/. Әрине, бұған дейін палеолиттік тұрақтарда қазба жүргізілмегендіктен бұл ізденістердің отандық тарихнама үшін маңызды жаңалық болғандығын айта кету керек. Сондай-ақ осы уақыттарда кейінгі палеолитпен мерзімделген Свинчатка ескерткіші де ашылған болатын. Свинчатка жайында ұзақ уақыт толымды материалдар берілмей келді. Мұндай олқылық басқа зерттеушілер (Д.Ожерельев) тарапынан кейіннен толықтырылды. Қалай болғанда да, С.С. Черников пен ол басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының ғылыми ізденістерінен Қазақстан палеолитін зерттеудің жаңа кезеңі басталды /6, 20/. Қазақстан аумағы да ежелгі уақыттарда адамдар мекендеген өңір болғандығы дәлелденді. Дегенмен, тас дәуірінен алынған тас құралдарын сипаттау, артефактілердің техникалық-типологиялық жағын ашып көрсету жағы әлі де әлсіз еді.

Бұл олқылықтар кейінгі жұмыстарда біршама жойыла бастады. Тас құралдарын сипаттауда кеңестік ғалымдардың сол кездегі үздік әдістемелік қағидалары алынады. Мұны неолиттік Усть-Нарым, т.б. ескерткіштердің материалдарынан да көруге болады.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған ескерткіштер орналасқан жерлерді шағын мәдени-тарихи мөлтек аудандар қатарына жатқызуға болады. Себебі, осы ескерткіштер маңынан кейіннен тас, қола, ерте темір және ерте орта ғасырлар кезеңдерінің археологиялық нысандары да көптеп кездескен-ді.

С.С. Черниковты мамандар неолит дәуірін зерттеуші ретінде де кеңінен біледі. Оның неолитке қатысты кейбір ой-пікірлері әріптестері тарапынан сынға ұшырағанымен, кейінгі ізденістерінде ғалым өзінің концептуальдық пайымдауларын нақтылай түсті. С.С. Черниковтың айтуынша, Қазақстан неолиттік мәдениеті әуел бастан шығу, шарушылық түрлері мен материалдық мәдениеті бойынша біркелкі немесе біртекті емес еді. Бірақ ұзақ уақыт бір табиғат аясында тіршілік етудің арқасында мұндағы тайпалар арасындағы өзгешеліктер жойылады да, андроновтық ескерткіштерде айқын көрінген мәдени-этникалық қауымдастықтың алғы шарттары қалыптасады /2, 108/. Қазіргі таңда неолит жайында материалдар көп дей келе ғалым микролиттік типке жататын 1500 тұрақ белгілі екендігін айтады да, көрші елдердің аумағындағы неолиттік мәдениеттер қазақстандық материалдарсыз толыққанды ашыла қоймайтындығын мәлімдейді /7/. Нәтижесінде ол тас пен палеометалл дәуірлерінің өзара байланысын, бұлардың кейінгі уақыттармен генетикалық сабақтастығын анықтауға ұмтылды.

Негізінен алғанда, С.С. Черников Қазақстан қола дәуірінен мәдениеттерінің проблемаларын да айқындаумен қажырлы түрде шұғылданды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы республиканың шығыс өңірінде бұрынғы жұмыстарын ары қарай жалғастырды. 1947 ж. басталған мұндағы зерттеулер кезінде Камышинкадан Бұқтырмаға дейінгі Ертіс алабында барлау жүргізілді және Мешіт ауылы мен Мало-Красноярка деревнясы (ішінара барлаулық қазба жүргізілді) маңындағы Семей құмды-төбелеріндегі андроновтық қоныстар анықталды. Осы уақытқа шейін тек Қалба мен Нарым жоталарынан мыңнан астам түрлі дәуірлердің қорғандары, мыс, алтын, қалайы өндірілген 37 кен орындары, жартас бедерлерінің 17 пункті, ондаған тас мүсіндер, т.б. тарихи нысандар ашылған еді /8/. Одан кейінгі ізденістердің ары қарай жалғасуынан көршілес тарихи-мәдени аймақтардың (Сібір, Қытай, Жетісу, т.б.) да өткен тарихи жолының белестері аңғарылатын анықталды. 1947 жылғы (40 шақты ескерткіштер анықталған) және одан бұрынғы ізденістерді жүйелей келе, С.С. Черников Қазақ-

станның шығыс өңірі қола дәуірінде Солтүстік Азия мен Шығыс Еуропадағы ірі металлургиялық орталық болғандығын, мұнда өндіргіш күштер іргелес аймақтарға қарағанда қарқынды дамығандығын, бұл өлке де андронов мәдениетінің ірі мәдени ошағы болғандығын, аталмыш мәдениеттің соңғы кезеңінің (дәндібай) өзіндік бет-бейнесі қалыптасқандығын қорытындылады /8, 56-57/. Мало-Красноярка, Алексеевка қоныстарының материалдарына ерекше мән бере келе, С.С. Черников қола дәуірі мен ерте темір дәуірі ескерткіштері арасындағы генетикалық байланысты көре білді. Оның пайымдауынша, көшпелі шаруашылықтың ары қарай дамуы даланың экономикалық және этникалық картасын өзгертіп жіберді, темірдің пайда болуы мұндағы ежелгі андроновтық мәдениет орталығын жойды да, жетекші шаруашылық рөлі басқа территорияларға ауысты /8, 58/.

1948 ж. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Құлажорға, Бата жеріндегі ерте көшпенділердің қорымдарында қазба жүргізді, Сарыкөл көлінің төңірегін барлады. 1949 ж. Сарыкөл көлі маңы мен Шілікті аңғарында бірқатар андроновтық және ерте темір дәуірінің ескерткіштерін қазады /2, 8/. Экспедиция үшін 1950 жыл да жаман болған жоқ. Себебі экспедиция осы жылдан бастап кең тарихи ауқымдағы археологиялық нысандарды зерттей бастады. С.С. Черников Ертіс аңғарын Бұқтырмадан Зайсан көліне дейін палеолиттен түркі дәуіріне дейінгі ескерткіштерді барлап шығуды алдына мақсат етіп қояды. Бұл жылы шығыс өңірдегі алғашқы палеолиттік тұрақтар (Пещера, Ново-Никольское) қазылғандығы жоғарыда айтылды. Мұнымен қатар экспедиция отрядтары Қанай ауылы төңірегіндегі тас, андроновтық кезең ескерткіштерін, Қызылту ауылы жанындағы ерте көшпенділердің обаларында, Мало-Красноярка маңындағы андроновтық қоныста қазба жүргізеді /9/. Қанай мен Мало-Красноярка елді-мекендері жанындағы екі қоныс материалдарын (керамика, еңбек құралдары, т.б.) С.С. Черников Алексеев қонысымен жақындастырады да, кейінгі андроновтық уақытпен мерзімдейді. Сонымен қатар экспедиция қызметкерлері ерте көшпенділердің 20-дан астам обаларын қазғандығын айта кеткеннің де артықтығы болмас /9, 87/.

1952 жылдан бастап Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстарына кәсіби мамандар көптеп тартыла бастады. Экспедиция құрамында бірнеше отрядтар жұмыс істеді. Бірінші отряд (жетекшісі Э.Р. Рыгдылон) Пещера, Ново-Никольское тұрақтарында, Усть-Нарым қонысының 1-ші баспанасында жұмыс жүргізсе, екінші отряд (жетекшісі Н.Н. Панова) Мало-Красноярқадағы андроновтық қоныстағы жұмыстарды жалғастырды. Үшінші отряд (жетекшісі А.А. Гаврилова) Қанай мен Қызылту ауылдары жанындағы андроновтық және ерте темір дәуірінің обаларын қазды. Қанай төңірегіндегі андроновтық қоныста А.Г. Максимова қазса, осы маңайдан Э.Р. Рыгдылон мустье заманына жататын бірнеше құралдарды ұшырастырады /2, 8; 10/. Осы аталған археологиялық нысандарда аталмыш экспедиция бұдан кейін бірнеше жыл жүйелі қазба жұмыстарын жүргізіп, палеолиттен бастап, кейінгі орта ғасырларға дейінгі біршама археологиялық нысандардың ерекшелігін, өзіндік дамуын, іргелес аймақтармен байланысын анықтауға күш салды.

Аталған ғалымдардың көпшілігі 1953 жылғы келесі маусымда өз нысандарындағы жұмыстарын жалғастырады. Ендігі жерде экспедицияға Пчела, Тұсқайың, Славянка, Юпитер елді-мекендерінің төңірегіндегі ерте және кейінгі көшпенділердің обаларын зерттейтін төртінші отряд (жетекшісі Ж.Я. Грушанская) қосылған еді. Бұл экспедиция ізденістерін кешенді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Осы маусымда бірқатар ескерткіштерде (Мало-Красноярка, Қанай, Усть-Нарым, т.б.) жүргізілген ізденістер Шығыс Қазақстанда алакөл типіндегі қыш ыдыстардың жоқ екендігін, көшпелілікке өту үрдістерінің алғы шарттарын, андроновтық мәдениеттің ерте темірмен генетикалық байланысын көрсетіп берді /11, 20-21/.

Осы уақыттарда бұрынғы кездері жүргізілген археологиялық зерттеулер де жарыққа шыға бастады. Мысалы, С.С. Черников 1938 жылы Солтүстік Қазақстаннан тапқан қола дәуірінің қоныстары жайлы мағлұматтарды «Поселения эпохи бронзы в Северном Казахстане» деген мақаласында ұзақ уақыт жүргізілген ғылыми талдаудан кейін жариялады /12/. Онда автор «В настоящее время мы знаем уже 87 андроновских могильников, на которых производились раскопки, и 40 поселений» /12, 29/ дей келе, Степняк, Бестөбе, Сталинский рудник, Аульная площадь, Черная пика, Қыстау-Қарағай, Ащылыкөл, Бүрлі секілді қоныстардың құрылыстарын, заттық бұйымдарын (қыш ыдыс, қола және сүйек құралдар, т.б.) талдап шықты. Автор Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан ескерткіштерін бір заманның нысандары дейді де, солтүстікте отырықшы тұрмыс қалдығы әлі күшті сақталған деп пайымдайды /12, 46/.

Қазақстан археологиясы үшін де, оның ішінде қола дәуірі үшін де 1960 жыл өте жемісті болды. Біріншіден, «Археологическая карта Ка-

захстана» деген жинақта тұңғыш рет Қазақстан археологиялық ескерткіштерінің картасы жасалынды, екіншіден, С.С. Черниковтың осы жылы «Восточный Казахстан в эпоху бронзы» атты еңбегі жарыққа шықты. Бірінші аталған еңбек КСРО-дағы мұндай бағыттағы алғашқы жұмыс еді. Онда 1958 жылға дейін белгілі әр дәуірдің барлық ескерткіштері жүйеленді /13/. Жинаққа 5 мыңға жуық археологиялық нысандар енді, әрбір мақалада ескерткіштің орналасқан орны, оны кімнің зерттегені, қандай материалдар алынғаны, қай уақытпен мерзімделінетіні жайында нақты ақпараттар берілді. Бұл кітап әлі күнге дейін мамандар үшін таптырмас ғылыми мәні зор дүние саналады. Кезінде С.С. Черников осы еңбекке сын-пікір жариялаған болатын. Сын-пікірінде автор картаның кемшін тұстарын, берілген олқылықтарын көрсетті де, оның керек екендігін, құнды екендігін айтты /14/. Сын-пікірі арқылы С.С. Черников картаға елеулі толықтырулар енгізді деуге болады. Әсіресе, автор Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының ізденістеріне, экспедиция ашқан археологиялық нысандарының картада берілуіне ерекше көңіл бөліп, кейбір ескерткіштердің хронологиясы мен зерттелген жылына баса назар аударды. С.С. Черниковтың ойынша, қазақ сахарасы әлі де толық зерттеле қойған жоқ, мұндай олқылықтың орнын толтыру үшін Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жетісу және Оңтүстік Қазақстан секілді бес ірі-ірі археологиялық экспедиция жасақтау қажет, бұлардың көпжылдық жоспары, өзіндік проблематикасы болуы керек, сонда ғана республика археологиясы болашақта көптеген ғылыми жетістіктерге қол жеткізері анық /14, 317/.

Ал, С.С. Черниковтың жоғарыда аталған «Восточный Казахстан в эпоху бронзы» атты іргелі ізденісі ғалымның көпжылдық жұмыстарының қорытындысы іспеттес еді /2/. Еңбегінде ол андроновтық мәдениет ескерткіштеріне (қорым, қоныс, кездейсоқ табылған олжалар), қоныстар тобына (Қанай, Усть-Нарым, Мало-Красноярка, Трушниково), қоныстардағы фауна мен флораға сипаттама берді. Шығыс Қазақстандағы андронов мәдениетінің ерекшеліктерін, хронологиясын, андронов мәдениетін қалдырған тайпалардың шығу тегі мен тарихи дамуын, көне кен орындарының проблемаларын анықтады, ескерткіштердің картасын жасады. Ендігі жерде С.С. Черников 11 жылдық далалық маусым кезіндегі материалдар мен А.Г. Максимова зерттеулері негізінде жаңа кезеңдестіру жасайды. Бұл жерде Шығыс Қазақстан қола ғасыры Усть-Букон (б.з.б. XYIII-XYI ғасырлар), Қанай (б.з.б. XYI-XIY ғасырлар), Мало-Красноярка (б.з.б. XIY-IX ғасырлар), Трушниково (б.з.б. IX-YII ғасырлар) сынды кезеңдерге бөлінді. Сөйтіп, тұңғыш рет К.В. Сальниковтың қола дәуіріне жасаған кезеңдестірілуінен бас тартылды. Автор Шығыс Қазақстан археологиялық материалдары андронов мәдениетінің даму кезеңдерін айқындауға, оны басқа өңірлердің материалдарымен салыстыруға, жергілікті тайпалардың кейбір тарихи және этнографиялық ерекшеліктерін бөліп көрсетуге ұмтылды. Ол андронов тайпаларының өзіндік шаруашылық қызметі мен басқа да тарихи дамуында біркелкі болмағандығын, бірбірінен ою-өрнектері, әшекейлері, т.б. заттары бойынша өзгешеліктері болғандығын көрсетіп берді. С.С. Черников ерте көшпенділер андроновтықтардың тікелей мирасқорлары, андроновтықтардың б.з.б. IX-YIII ғасырларда көшпелілікке өтуі олардың барлық тарихи және экономикалық дамуына әсерін тигізді деп пайымдау жасады /2, 137/.

1956 жылы аталмыш экспедицияның жүргізген далалық жұмыстары да көне дәуірлерді зерттеуге қомақты үлес қосты. Бұл жылы Бұқтарма ГЭС маңындағы стационарлық жұмыстарды жүргізген отрядтар (жетекшілері И.М. Павлюченко, А.П. Богданова, Ә.М. Оразбаев, А.А. Крылова) Усть-Нарым (1952-1956 жылдары 900 шаршы м жері қазылған), Трушниково қоныстарын, Усть-Буконь қорымын, ерте көшпенділердің Құлажорға обаларын аршиды. Бұлардың бірқатарында атқарылған жұмыстар бұған дейін алынған мағлұматтарды толықтырса, Хайрюзовка, Солоновки географиялық нысандары маңындағы палеолиттік ескерткіштер де Шығыс Қазақстан аймағы көне дәуірде маңызды мәдени ошақ болғандығын нақтылай түсті /15/. Бұдан кейін жүргізілген ғылыми ізденістер экспедиция материалдарының бірегейлігін көрсетіп берді.

Қорыта айтқанда, өткен ғасыр ортасында ұзақ жылдар бойы республиканың шығыс өңірлерінде зерттеулер жүргізген С.С. Черников Қазақстанның тас және қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуге қомақты үлес қосты. Ол отандық тарихнамада тас дәуірінен бастап ортағасырлық кезеңдерді қамтыған, алған материалдары негізінде отан тарихының ежелгі беттерін бір ізге түсірген маман ретінде танымал. Оның ғылыми тұжырымдамаларының көпшілігі әлі күнге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ. Шағын мақалада ғалымның пайымдауларын, келелі пікірлерін толық қамту мүмкін еместігі белгілі. Біз тек негізгі зерттеу жұмыстарына ғана тоқталып кеттік. Болашақта оның әрбір тарихи-мәдени

дәуірлерді зерттеуге қосқан өзіндік үлесі, салиқалы қорытындылары талданып, жаңаша концептуалдық пікірлермен қоса өрбітілуі қажет деген ойдамыз.

1. Кадырбаев М.К. Сергей Сергеевич Черников / Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1976. №6. С. 88-89

2. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы /МИА, №88. М.: -Л., 1960. 271 с.

3. Сосновский Г.П. О поисках палеолита в Казахстане / Известия АН КазССР. Сер. археол. Вып.I, 1949. С.10

4. Черников С.С. Находка палеолитических стоянок в Восточном Казахстане / Вестник АН КазССР. 1951. №12 (81). С.63-70

5. Таймагамбетов Ж.К. История изучения палеолита Казахстана / Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана. А.-А., 1989. С. 22-40

6. Байгунаков Д.С. Ертіс өңірінің палеолиттік ескерткіштерін зерттеу тарихынан / «Тарихи-мәдени мұраны зерттеу және сақтау мәселелері» атты респ. ғыл.-практ. конф. 14 желтоқсан 2005 ж. А., 2004. 19-25-б.

7. Черников С.С. Основные проблемы археологического изучения Казахстана / Известия АН КазССР, 1950. Сер. истор. Вып. 5. С.63-70

8. Черников С.С. Отчет о работе Восточно-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года / Известия АН КазССР. Серия археол. 1949. Вып. 2. С. 37-58

9. Черников С.С. Восточно-Казахстанская экспедиция 1950 г. / КСИИМК. 1952. вып. XLYIII. С. 81-92

10. Черников С.С. О работах Восточно-Казахстанской экспедиции /КСИИМК. 1956. Вып. 64. С. 43-60

11. Черников С.С. К изучению древней истории Восточного Казахстана / КСИИМК. 1957. Вып. 69. С. 12-21

12. Черников С.С. Поселения эпохи бронзы в Северном Казахстане / КСИИМК, 1954. Вып. 53. С. 29-49

13. Археологическая карта Казахстана. Реестр. А.-А., 1960. -449 с. * прил.

14. Черников С.С. «Археологическая карта Казахстана» ... /СА, 1963. №1. С. 314-317

15. Черников С.С. Работы Восточно-Казахстанской археологической экспедиции в 1956 году / КСИИМК, 1959. Вып. 73. С.99-106

* * *

Статья посвящена памяти С.С. Черникова, так как огромные научные заслуги ученого состоят прежде всего в его полевых исследованиях и публикациях по древней истории Казахстана. Блогадаря научным изысканиям этого видного ученого Восточный Казахстан ныне является крупнейшим очагом каменного века, горного дела и первобытной металлургии. В статье рассматриваются вопросы каменного века и эпохи палеометалла древнейших культур Казахстана. Предлагемая статья, конечно, не мог вместить и охватить всю эту разнообразную тематику, пришлось по необходимости ограничить некоторые моменты. Автором освещается динамика историко-культурных процессов и взаимодействия различных этнокультурных формирований в степях Восточного Казахстана и на сопределных территориях.

* * *

The present article is devofed to the research of historical views one of the prominent scholars S.S. Chernikow, who lived during late ancient and medieval history. This problem has a special methodological and practical importance for Kazakhstani historiography on world history. The main point of the research are questions closely connected with the Paleolithic and medieval history East Kazakhstan. This article devofed to lies and activities of educated, to bless dynamics history-culture process and interaction different etnoculture forming East Kazakhstan and neighboring area.